

Жоба туралы қысқаша ақпарат

Жоба аты	AP19175235 «М. Жұмабаев поэзиясының лингвопоэтикасы: аударылу ерекшеліктері мен стратегиялары»
Жоба өзектілігі	<p>«Мағжан Жұмабаев поэзиясының лингвопоэтикасы: аударылу ерекшеліктері мен стратегиялары» тақырыбындағы жоба ақын поэзиясының лингвопоэтикасының әр түрлі тілдік топтарға жататын тілдерге, атап айтқанда Қазақстан Республикасында ресми тіл мәртебесіне ие орыс тіліне, туыстас түрік және жаһандық ағылшын тілдеріне аударылу тенденциялары мен ерекшеліктерін анықтауға бағытталған. Поэзия аудармасы көркем аударманың ең күрделісі болса, кез келген көркем туындының лингвопоэтикасының аудармада көрініс табу ерекшеліктері ешқашан өзектілігін жоғалтпаған мәселе.</p> <p>Жалпы ақын шығармашылығының аударылуы Алаш ардақтысының есімі қалпына келтіріліп, жағылған күйе мен таңылған жалған айыптан арылып, еліміз тәуелсіздік алған уақыттан бері жүйелі ғылыми зерттеу объектісі ретінде қарастырылмаған. Жазылған көлемді зерттеу еңбектері, кандидаттық диссертациялар М. Жұмабаевтың жалпы өмірі мен шығармашылығы, поэзиясы мен прозасының әдеби көркемдік анализі, тілдік тұлғасы, педагогикалық танымдық идеялары айналасында. Тарих пен таным, ұлттық дүниетаным мен патриоттық сезім, белгілі бір тарихи кезеңдегі қазақы болмыс пен тұрмыс-тіршіліктің қыр-сырын аса шеберлікпен танытатын ақынның лирикалық поэзиясы өзге тілдерге қалай аударылып жатыр, реципиентке қандай деңгейде жеткізіліп отыр, аудармашылар қандай аудармашылық стратегиялар мен техникалар қолдануда, лингвопоэтикалық элементтерді аударма барысында қандай қиыншылықтар туындап отыр, олардың себептері қандай деген сұрақтарға дәлелді жауап жоқ. Сондықтан бұл жоба отандық аударматану ғылымының осы бір көкейкесті мәселесін зерттеуді міндет етеді.</p>
Жоба мақсаты	<p>Мағжан Жұмабаев поэзиясындағы лингвопоэтиканың орыс, түрік және ағылшын тілдеріне аударылу ерекшеліктерін поэтикалық адаптация құбылысына алып келетін лингвистикалық және экстралингвистикалық факторларды қарастыру арқылы анықтау, түпнұсқа/аударма жұбында поэтикалық аударма әдістерінің диахрониялық және синхрониялық анализін жасау.</p>
Жоба міндеттері	<ol style="list-style-type: none"> 1) Поэзияның лингвопоэтикасын тәржімалауды поэтикалық аударманың ажырамас бір бөлшегі ретінде қарастыратын шетелдік және отандық еңбектерді саралап, озық аударма теориялары мен тұжырымдарын эволюциялық даму реті бойынша топшалау. Бұл міндетті жүзеге асыру арқылы жобаның теориялық фундаменті қаланады. 2) Жинақталған теориялық және практикалық материал негізінде зерттеу әдістері мен алгоритмін анықтау. Осы тақырып аясында жасалған теориялық тұжырымдар мен тәжірибе негізінде ең тиімді зерттеу әдістері мен зерттеуді жүзеге асыру кезеңдері нақтыланады. 3) Ақын поэзиясының үш тілдегі аудармаларын жинақтау, аудармашылармен қарым-қатынас орнату. Орыс, түрік және ағылшын тілдеріндегі ақын өлеңдерінің аудармалары зерттеу

	<p>нысаны болып табылады, ал аудармашылармен байланысқа түсіп, аударма барысы мен тәжірибелері жайында ақпарат алу зерттеу жұмысының бір әдісі әрі құнды дереккөз болып табылады.</p> <p>4) Ақын поэзиясындағы лингвопоэтикалық элементтерін анықтау, топшалау және жүйелеу, олардың атқарып тұрған қызметін интерпретациялау.</p> <p>5) Жүйеленген лингвопоэтикалық элементтерінің үш тілдегі аудармаларын лингвомәдени және поэтикалық тұрғыдан салыстырмалы, салғастырмалы талдау жасау. Бұл талдау арқылы жобаның негізгі мақсатына қол жеткізіледі.</p> <p>6) Аудармалар арасындағы тіларалық, мәдениетралық ортақ және бірегей құбылыстарды, аудармашылық қателіктерді анықтау, аудармашылық трансформацияларды саралау. Бұл міндет те жобаның ақын поэзиясын аударудағы заңдылықтар мен стратегияларды анықтау деген мақсатын жүзеге асырудың бір шарты.</p> <p>7) Ағылшын тілінде авторлық жолма-жол немесе поэтикалық аудармалар ұсыну. Аударма талдауынан жинақталған мол тәжірибе нәтижесінде ақынның өлеңдеріне ағылшын тілінде жолма-жол немесе поэтикалық аудармалар ұсыну жобаның қол жеткізетін нәтижелерінің бірі болып табылады.</p> <p>8) Кешенді аудармашылық талдау негізінде қорытындылар жасау. Аудармада орын алған заңдылықтар мен стратегиялар, ортақ және бірегей құбылыстар жайынды құнды тұжырымдар жасау да жобаның мақсатымен тұспа-тұс келеді.</p>
<p>Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер</p>	<p>Жобалық зерттеу нәтижесінде жоғарыда аталған мақсатына сай М. Жұмабаев поэзиясын өзге тілдерге (орыс, түрік, ағылшын) аударудың заңдылықтары мен стратегиялары анықталады. Поэтикалық аударма көркем аударманың ең күрделі түрі. Көркем поэтикалық аударма қандай болуы қажет деген сұраққа әлемдік аударматану зерттеушілері мен ғалымдары әлі күнге дейін бірауыздан жауап бере алмайды. Бірақ дегенмен қалыптасқан поэтикалық аударма теориялары мен оны талдау, зерттеу тәжірибесі бар. Осы тәжірибенің негізінде Алаштың, күллі түркі әлемінің біртуар ақыны Мағжан Жұмабаев өлеңдерінің аудармалары отандық аударматану ғылымында жүйелі түрде зерделеніп, ғылыми мақала немесе шолу түрінде, монография ретінде жарық көреді.</p> <p>Жоба бойынша зерттеу нәтижесінде:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) БҒСҚК ұсынған отандық басылымдарда 5 мақала (немесе шолу) жарияланады; 2) жоба тақырыбына сай 1 монография жарық көреді; 3) 2 авторлық куәлік алынады;

<p>Зерттеу тобы мүшелерінің аты-жөні, идентификаторлары (Scopus Author ID, Researcher ID, ORCID, бар болса) және сәйкес профильдерге сілтемелер</p>	<p>1. <u>Алпысбаева</u> Айгүл Ерболатқызы, PhD Scopus Author ID 57194900913 https://orcid.org/0000-0002-5947-6084</p> <p>2. <u>Ашимханова</u> Светлана Ашимхановна, ф.ғ.д., профессор Scopus Author ID 57291280200 https://orcid.org/0000-0002-4167-6985</p>
<p>Жарияланымдар тізімі (URL, DOI көрсетілген)</p>	<p>1. Translation of culturally specific names from the Kazakh language into English (using the example of “Turkistan” by M. Zhumabaev). Volume 192 No. 4 (2023): Bulletin of KazNU. Philological series DOI: https://doi.org/10.26577/EJPh.2023.v192.i4.ph18</p>
<p>Патент туралы ақпарат</p>	<p>1 авторлық куәлік: 21.02.2024 №43088: : Translation of culture-specific items from Kazakh into English (in the case of “Turkistan” by M. Jumabayev)</p>